

№28 «Мақташы» жалпы білім беретін мектебі КММ-нің психологиялық қызмет бойынша 2024-2025 оқу жылының жылдық жұмыстар есебі


Психологиялық қызметтің 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарына сүйене отырып, қыркүйек айында диагностикалық бағыты бойынша оқушылардың психологиялық –картасын, үйде оқытылатын оқушыларға мінездеме дайындаудан басталды, оқушылар туралы мәлімет жинақталып, арнайы папка арналды.

Әлеуметтік бағыт бойынша ПМПК шешімімен «Үйден оқытылатын» оқушы есепке алынып, жеке карталары жасақталып түзету және дамыту жұмыстары жасалынды. Ерекше білім қажет ететін оқушылардың мінездемесі жазылып, формалары толтырылды.

Аудандық білім бөліміне өзіміз жайлы мәлімет жазылып тапсырылды. 5-сынып оқушыларының бастауыш буыннан орта буынға бейімделу кезеңінің жағдайын зерттеу жүргізілді. «Мұғалім оқушы көзімен» сауалнамасы алынып, әлі де бейімделу үстіндегі оқушыларға жүргізілген әрбір әдістемені талдап, анықталған нәтиже бойынша сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне және де ата-аналарға ұсыныстар берілді. Оқушыларға бесінші сыныпқа бейімделуіне жаттығулар мен ойындар жүргізілді.


Оқушылармен «Социометрия» әдістемесі жүргізіліп шыққан нәтижесі бойынша сынып жетекшілеріне таныстырылып. Қарым-қатынас реттеу мақсатында психологиялық сабақтар жүргізілді. 25.09.2024 жылы ата-аналарға «Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі» тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Мектеп қабырғасына қабылданған 1-сынып оқушыларын мектепке бейімделу жағдайын анықтау үшін зерделеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде бейімделуі әлі де қиын оқушылар анықталды. Бұл оқушылардың даму деңгейі туралы сынып жетекшілер тарапынан, психологиялық қызмет тарапынан жұмыстар жүргізіліп, сынып жетекшілерге, жеке ата-аналарға кеңестер, ұсыныстар берілді. Бірінші сынып оқушыларына «Кел танысайық» тренинг жаттығулар жүргізілді.



5-сынып оқушыларына «Мұғалім-оқушы көзімен» сауалнамасы алынып нәтижесі бойынша топтық, жеке жұмыстар атқарылды. «Бес терек» жобасы бойынша кабинет талдауы негізінде тәуекел тобының «Қызыл, сары, жасыл»


деңгейлері анықталды. 5-11 сынып оқушыларынан сауалнама, тестер алынып, шыққан нәтижесі бойынша оқушылармен жеке, топтық жұмыстары жүргізілді.




Ата-аналармен «Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі» тақырыбында тренинг өткізілді.



Қазан айында ББЖМ алдында оқушылардың темперамент типтерін анықтап, танымдық қабілеттерін дамыту, мазасыздық, қобалжу деңгейлерін төмендету, өзіне сенімділігін арттыру мақсатында « Мен –өзіме сенімдімін» жаттығулары жүргізілді.



Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу мақсатында оқушыларға аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша 6-7 сынып оқушыларына «Пікірталас-ұрыс емес» тренинг жаттығулар өткізілді.



Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша 9-11 сынып оқушы қыздарымен «Ерте жүктіліктің зияны» жөнінде баяндама оқылып кеңестер беріліп, «Қыз қылығымен көрікті» тақырыбында тренинг жүргізілді. Қыздармен әңгімелесе отырып, ар-намысын, пәктігін, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абыройлы болуға тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту.



1-2 сынып оқушыларына әртүрлі тақырыпта түзету жұмыстары жүргізілді.



Қараша айының 04-08 аралығында « Досболайық акциясы іс-шара жоспары түзіліп, оқушыларымен тренингер, көңілді үзілістер, сынып жетекшілер тәрбие сағаттар, тәлімгерлер мақал-мәтелдер аяқтау, еңбек пәні мұғалімдері шығармашылық жұмыстарын жүргізді.



Қараша айында «Отбасы бақыт бесігі» тақырыбында 5-8 сынып ата-аналарымен тренинг өткізілді.




Қараша, желтоқсан айларында жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу мақсатында оқушыларға аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша» тренинг, жатығулар жүргізілді.



Желтоқсан 03 күні педагогикалық ұжыммен «Өзімді тану, бір-бірімізге қуаныш сыйлау» психологиялық тренинг сабақ өткізілді.




Желтоқсанның 09-13 күндері күйзеліске қарсы тұру мақсатында 8-9 сынып оқушыларына «Күйзелістен қалай арылуға болады» тақырыбында түзету жұмысы жүргізілді.



Желтоқсанның 12 күні 10-сынып оқушыларына «Ашу ыза билегенде не істеу керек» тақырыбында тренинг өткізілді.



Желтоқсанның соңында ауданға жарты жылдық есеп жазылып жіберілді. Қаңтар айында 10 –сынып оқушыларымен ынтымақтастығын арттыру мақсатында «Ой, сезім, мінез құлық» тақырыбында тренинг жаттығулар жүргізілді.




Бесінші сынып оқушыларымен өзара жағымды қарым-қатынас қалыптастыру мақсатында «Мен өзімді мақтай аламын» тақырыбында тренинг өткізілді.

Ақпанның 26 күні 9,10,11-сынып оқушы қыздарымен орталық емхана психологы Б.Қалабаева мен мектеп психологы «Ерте жүктіліктің алдын-алу» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын, тренинг жаттығуларын жүргізді.



Сәуір айында 9-сынып оқушыларына «Сенімділік күш береді», 4-сынып оқушыларына «Сенімен алға» тақырыбында ББЖМ алдында сенімділіктерін арттыру мақсатында тренингтер жүргізіліп кеңестер берілді.



Кезінде сұраныстар бойынша жұмыстар жүргізіліп, кеңес беру журналына тіркелді.
Көңіл-күйлерін көтеру, жағымды психологиялық климат ұйымдастыру мақсатында «Біз бір ұжымбыз» атты мұғалімдермен тренинг өткізілді.




9-сынып оқушыларымен психоэмоционалдық жағдайларын жақсарту, ішкі әлемді тану мақсатында «Мандала терапиясы» өткізілді.





Қаңтардың 13 күні «Бала тәрбиесі баршаға ортақ тақырыбында өткізілген ата-аналар жиналысында «Сабақтан себепсіз қалу жағдайларының бала психологиясына әсері» тақырыбында баяндама оқылып, түсіндірме жұмысы жүргізілді.



3- сынып оқушыларына «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту» тренингі жүргізілді.«Булинг және кибербулинг алдын алу әдістері мен күресу жолдары» тақырыбында психологиялық тренинг сабақ өткізілді.



«Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суйцидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету» тақырыбында ата-аналар жиналысында «Жасөспірімдердің өтпелі кезең ерекшеліктері» жайлы баяндама оқылып түсіндірме жұмысы жүргізілді.



«Баланың басты ұстазы-ата-ана» тақырыбында 3-4 сынып ата-аналарымен тренинг ұйымдастырылып өткізілді.



11-сынып оқушыларына ҰБТ-ға психологиялық тұрғыда дайындық бойынша «Емтиханға қалай дайындалу керек?» тақырыбында эмоцияларын басқара білу жаттығулары жүргізіліп, мини лекциялар оқылды.




9-сынып оқушыларына «Мамандыққа бастар жеті қадам» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізіліп кеңестер берілді




Оқушыларға аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша 6,7,8 сынып оқушыларына «Негатив эмоцияларды жеңуге арналған жаттығулар» жүргізілді.



Сәуірдің 10 - 30 күндері аралығында «Психологиялық қызмет; креатив және инновация» тақырыбында 09.04.2025 жылы №665 ші бұйрығын орындау мақсатында 10 күндік іс-шара өткізілді.





Мад тобтары оқушыларынан сәуір, мамыр айларында мектепке дайындығын анықтау мақсатында зерттеу жұмысы жүргізіліп анықталған 2 оқушыны дефектологқа жұмыс жасауға ұсынылды
Сәуірдің 29-күні «Жазалау мен марапаттау әдістері: психологиялық аспектілері» тақырыбында облыстық семинарда тренинг жүргізіп, марапатталды.



Мамырдың 16 күні мектебімізде ашық есік күні «Бірлескен тәрбиенің берері мол» тақырыбында ата-аналармен трнинг өткізілді.



Психологиялық қызмет бойынша, біліктілік арттыру курсына өткізілетін семинарларға, конференцияларға т.б. іс-шараларға қатысып отырдық.

Педагог психологтар:  Сармантаева А
 Дуйсенова Р